

#24-25

(999-1000)

13 қыркүйек

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

# JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



ISSN 2074-899X



9 772074 899002

@jasqazaqnews


vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

jasqazaq.kz


jasqazaqkz



# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ



# ДҮБІРЛІ ДОДАСЫ



BRENT \$71.18

USD 478 T

EUR 527 T

RUB 5.21 T

«БҮГІНДЕ БІЗ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫ ҚОЛДАП ЖАТЫРМЫЗ. ОЛ ЖӨНІНДЕ ЖОЛДАУЫМДА ДА АЙТТЫМ. КЕЛЕСІ ЖЫЛДЫ ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ ДЕП ЖАРИЯЛАДЫҚ. ЕҢБЕК ҚАШАНДА ҚҰНДЫ. БҰЛ ЖЕРДЕ КІЛ ЖАСТАР ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ ЕКЕН. БІЗ ІРІ ЖӘНЕ ШАҒЫН КӘСІПОРЫНДАРДА ҚЫЗМЕТ ЕТЕТІН МАМАНДАРДЫ, ӘСІРЕСЕ, ЖАСТАРДЫ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ҚОЛДАЙМЫЗ». МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ШОЙЫН ҚҰЮ ЗАУЫТЫНДАҒЫ КЕЗДЕСУДЕ ОСЫЛАЙ ДЕДІ.

көлік сынақ режимінде келесі жылдың шілде айында шығарылады.

KIA Qazaqstan бас директоры Ким Дэ Ки зауыт 2025 жылдың қазан айында іске қосылатынын жеткізді. Автокәсіпорын бастапқы кезеңде Sorento моделін шығарады. 2026 жылдың қаңтар айынан бастап жаңартылған Sportage моделі

# ТАБЫСТЫ ЖОБАЛАРҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қостанай облысына жұмыс сапарында «KamLitKZ» ЖШС шойын құю зауытына барды. Серіктестіктің бас директоры Дмитрий Гуртовой зауытта жылына 45 мың тонна шойын құймасы өндірілетінін айтты. Құны 78,2 миллиард теңге болатын жобаны іске асыру нәтижесінде 500 жұмыс орны ашылды. Жобаға отандық инженерлер мен технологтар атсалысып жатқан көрінеді. Әлемдік деңгейдегі тәжірибелі инжиниринг компанияларының сарапшылары мен еуропалық машина жасаушылар да тартылған.

Зауыт заманауи талапқа сай. Автоматтандыру және энергиялық

тиімділік деңгейі жоғары болғандықтан, қоршаған ортаға әсері аз. Қазіргі уақытта мұнда 30 робот бар. Олар анағұрлым күрделі әрі ауыр технологиялық операцияларды орындайды.

Мемлекет басшысы озық технологиямен жабдықталған кәсіпорынға оң баға беріп, осында еңбек ететін отандық жас инженерлермен әңгімелесті.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев KIA автомобильдерін шығаратын зауыттың құрылыс алаңына барды.

Мұнда құрылыс жұмыстары былтыр қазан айында басталған екен. Жоспар бойынша, конвейерден алғашқы

құрастырылады. Зауыт іске қосылған соң жылына 70 мыңға жуық автокөлік шығара алады. 1500 тұрақты жұмыс орны ашылады. Мұнда өндірістің тиімділігін арттыруға әрі экологиялық тұрғыдан зиянсыз етуге бағытталған технологиялық шешімдер қолданылады. Автоматтандырылған заманауи кәсіпорынның дәнекерлеу желісінде, автокөлікті бояу және құрастыру жұмыстарына 70 робот пайдаланылады. Жобаның құны – 200 миллион доллар. Оның 80 пайызға жуығы тікелей шетелдік инвестицияның үлесінде.

Мемлекет басшысы Қостанай облысына сапарында Майкөл ауылдық округіндегі «Надеждинка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілермен кездесті.

Биыл облыс дихандары 5 млн гектар алқапқа егін егіпті. Президент «Надеждинка» ЖШС-нің егіс алқабын аралап көріп, ауыл шаруашылығы еңбеккерлерімен әңгімелесті.

Мемлекет басшысы егінді уақтылы жинап алу, еңбек өнімділігін арттыру және аграрлық салаға жаңа технологиялар енгізу, ауыл шаруашылығы жерлерін мақсатқа сай пайдалану маңызды екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекет отандық фермерлерді қолдауды жалғастыратынын және табысты жобаларды жүзеге асыруға көмек көрсететінін жеткізді.

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БЕСШОҚЫ АУЫЛЫНДАҒЫ ОҚЫС ОҚИҒА ЖҰРТТЫ ОЙЛАНДЫРЫП ТАСТАДЫ. ӘСІРЕСЕ, БАЛАСЫ МЕКТЕПТЕ ОҚИТЫН АТА-АНАЛАРДЫ. БЕС-АЛТАУ ЕМЕС, БАҚАНДАЙ 500-ГЕ ЖУЫҚ ОҚУШЫНЫҢ ТАМАҚТАН УЛАНУЫ – ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ.

Содан да болар, бұл мәселе  
Үкімет отырысында қаралды.  
Премьер-министр Олжас Бектенов  
Мұнайлы ауданындағы мектепте  
балалардың улануы туралы

баланың ем-домы аяқталды. Олар  
ауруханадан шығарылса да, біразға  
дейін дәрігерлер бақылауында  
болады. Стационарда 75 бала әлі де  
емделіп жатқан көрінеді.

Балалардың неден ұшынғаны  
бірнеше күннен кейін белгілі болды.  
Мектеп асханасында сол күні тауық  
етінен жасалған котлет пен картоп  
езбесі берілген. «Балам котлеттен  
иіс шығып тұрғанын айтты», –  
дейді бір оқушының анасы. Әрине,  
сараптама қорытындысы шықпай  
жатып 500-ге жуық баланы баудай  
түсірген не нәрсе екеніне болжам  
жасап, бал ашу – шетін іс. Әйтсе  
де, осы оқиға көпті, әсіресе, ата-  
ананы алаңдатып қойды. Ертеңгі  
күні мұндай жағдай кез келген

каналдардың бірінде осы ЖК-дің  
мемлекеттік сатып алу сайтында 224  
келісімшарт жасағаны, тек биылдың  
өзінде жүздеген миллион теңгеге  
келісімшарт мерзімі ұзартылғаны  
айтылады. Ал statsnet.co сайты әлгі  
кәсіпорынның жылдық табысын 2,5  
млрд теңге деп көрсетіпті. Ал бүкіл  
ел ішінде мұндай жеке кәсіпкерлер  
қанша мыңнан асып жығылады?

Үкімет басшысының тапсырмасы  
бойынша, бір ай ішінде ел  
ішіндегі барлық мектептердің  
асханаларында санитариялық-  
эпидемиологиялық талаптардың  
сақталуына мониторинг жүргізіледі.  
Ол мектептегі тамақтанудың  
қауіпсіздігін қамтамасыз ету  
және мұндай жағдайлардың

# МЕКТЕПКЕ БАРСАҢ, ТОЙЫП БАР НЕМЕСЕ БАЛАЛАР НЕДЕН ҰШЫНДЫ?

денсаулық сақтау және оқу-ағарту  
министрлерін, Маңғыстау облысы  
әкімінің есептерін тыңдады.

6 қыркүйектен бастап облыстың  
медициналық мекемелеріне 460  
бала жүгінген. Бәрінің қызуы  
көтеріліп, іші өткен, әлсіреген.  
92 бала дереу ауруханаға  
жатқызылыпты.

Әдеттегідей жауапты мекемелер  
«өртті сөндіруге» кіріскен. Оқу-  
ағарту министрлігі бала құқықтарын  
қорғау комитетінің өкілдері жұмыс  
істеп жатқанын жеткізді. Зардап  
шеккендерге және олардың  
отбасыларына қолдау көрсетілген.  
Штаб күндіз-түні жұмыс істеп тұрған.

8 қыркүйекте денсаулық сақтау  
министрлігіне қарасты шұғыл  
медициналық ұлттық үйлестіру  
орталығы мамандарының  
қатысуымен телемедициналық  
консультация өткізілген.  
Өңірге Астана медициналық  
университетінің инфекционист және  
гастроэнтеролог мамандарының бір  
тобы келіп жеткен.

Соңғы мәлімет бойынша,  
облыстық көпфункционалды  
балалар ауруханасында  
инфекциядан зардап шеккен 17



мектепте немесе балабақшада  
қайталануы мүмкін. Өйткені мектеп  
асханасына «қол жеткізу» үшін  
міндетті түрде тендер жарияланады.  
Оны кімдер ұтып алады? Шынымен  
тамақтану саласында тәжірибесі  
бар мамандар ма, әлде әшейін ақша  
жасап қалғысы келетін көлденең  
көк аттылар ма? Мәселен, әлгі  
улану орын алған мектепте жыл  
сайын тендерде бір ғана жеке  
кәсіпкер жеңіп келген. Телеграм-

қайталануына жол бермеу  
шараларын күшейтуге бағытталады.

Оған қоса, асханалардың азық-  
түлікті, оның ішінде ет пен ет  
өнімдерін қайдан сатып алатынын  
да анықтау қажет. Сондай-ақ  
балабақша атаулы да тексеруден  
сырт қалмасын. Әйтпесе, ертеңгі  
күні улану хикаясы тағы қайталануы  
мүмкін.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

**ПАВЛОДАРДАҒЫ МҰНАЙ-ХИМИЯ ЗАУЫТЫНДА (ПМХЗ) ЖАҢА СУТЕГІ ҚОНДЫРҒЫСЫ ОРНАТЫЛАДЫ. ҚУАТЫ 12,5 МЫҢ МЗ/САҒАТҚА ЖЕТЕТІН ҚҰРЫЛҒЫ КӘСІПОРЫНДА САПАЛЫ МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ МЕН ҚЫСТА ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ШЫҒАРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. ЖОБА «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БЕН ФРАНЦУЗДЫҢ «AIR LIQUIDE» КОМПАНИЯСЫ ТАРАПЫНАН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. ЖАҢА ҚОНДЫРҒЫ ЕЛІМІЗДІҢ ІШКІ НАРЫҒЫНА ЖАНАР-ЖАҒАР МАЙДЫ ҮЗДІКСІЗ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ АРНАЛҒАН. ҚҰНЫ ШАМАМЕН 660 МЛН ЕУРОНЫ ҚҰРАЙТЫН ОСЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЗАУЫТТА ШИКІЗАТТЫ ӨҢДЕУ ТЕРЕҢДІГІ КӨРСЕТКІШІН АРТТЫРУҒА СЕПТІГІН ТИГІЗЕДІ.**

**А**йта кеткен жөн, сутегі мұнай өңдеу зауыттарында шикі мұнайды азот қоспасы, күкірт және металдардан тазалап, бензин, авиакеросин дизель отынын өндіру үшін қолданылады. Қазір аталған кәсіпорында жұмыс істеп тұрған қондырғы сағатына 20 мың текше метр сутегі өндіре алады.

Кәсіпорынның бұл қадамы ел Мемлекет басшысының биылғы халыққа арнаған Жолдауында айтылған отандық экономиканы әртараптандыру, өз шикізатымызды барынша тиімді пайдалану, ірі кәсіпорындарға жапсарлас өндірістер ашу жөніндегі тапсырмасымен үндеседі. Президент, сондай-ақ, Қазақстан мұнай өнеркәсібіне 125 толуына орай ұйымдастырылған шарада аталған салада инновациялық технологиялар енгізіліп келе жатқанын айта келе, жанар-жағар май өнімдерінің көбі өзімізде шығарылатынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев бұл ретте мұнай өңдеу секторын дамыту мәселесіне тоқталып, заманауи экологиялық талаптарға сай жанар-жағар майдың тұрақты өндірісін қамтамтамыз ету қажеттігін айтты.

Отандық экономиканың өсуіне байланысты ішкі нарықта мұнай



## СУТЕГІНІҢ КӨМЕГІМЕН МҰНАЙ ӨҢДЕЙДІ



өнімдеріне деген сұраныс барған сайын артып келеді. Үкімет осыған орай, еліміздегі мұнай өңдеу зауыттарында қайта өңдеу көлемін қазіргі 18 млн тоннадан 27 млн тоннаға жеткізуді көздеп отыр. Осы жоспарға сәйкес, Шымкенттегі кәсіпорын жылдық өндірісті 6 миллионнан 12 млн тоннаға өсіреді. Павлодар зауытында бүгінде 5,5 млн тонна жанар-жағар май шығарса, таяу уақытта оның көлемі 8 млн тоннаға жетеді. 5,5 млн тонна мұнайды өңдейтін Атыраудағы кәсіпорын да өндіріс қарқынын арттырады. Сонымен қатар, жол құрылысына қажетті битум өндіретін Ақтаудағы CaspiBitum зауыты да мұнай өңдеу процесін ілгерілетуде. Маңғыстаудағы

Қаражанбас кенішінен алынатын «қара алтынды» өңдейтін осы кәсіпорын өндіріс көлемін қазіргі 1 млн тоннадан 1,5 млн тоннаға жеткізбекші.

Отандық мұнай өңдеу зауыттары үшін өңдеу тереңдігін арттыру біразға дейін көкейкесті міндет боп келді. Қазір заманғы технология мен жабдықтарды пайдаланудың арқасында бұл мәселе де оң шешімін тапты. Энергетика министрлігінің мәліметіне жүгінсек, қазіргі орташа көрсеткіш 84-89 пайызды құрап отыр. Осыдан 10 жыл бұрынғы

көрсеткішпен салыстырсақ, өсім анық байқалады. Ендігі меже – 90-97 пайыз. Бұған тәжірибелі маман мен заманауи технологияға ие кәсіпорындардың мүмкіндігі жеткілікті. Мұнай құбыры желісі, авто және теміржол жүйесін қамтитын инфрақұрылым саласы да жақсарып келеді. Бұл зауыттардың тағы бір артықшылығы өндіріске қажетті шикізатты сырттан әкелмейді.

Еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтып, экономиканы әртараптандыруға сүбелі үлес қосып жатқан мұнай өңдеу секторының елге берері әлі де көп деп айтуға толық негіз бар.

**Талап ТІЛЕГЕН**

**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК  
КӨШПЕНДІЛЕР  
ОЙЫНЫ – ЭТНИКАЛЫҚ  
СПОРТ ТҮРЛЕРІНЕН  
ӨТКІЗІЛЕТІН  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
СПОРТ ЖАРЫСТАРЫ.  
ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ  
ТАРИХИ КӨШПЕЛІ  
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫНА  
НЕГІЗДЕЛГЕН.  
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК  
КӨШПЕНДІЛЕР  
ОЙЫНДАРЫ ЮНЕСКО-  
НЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ  
ЕМЕС МӘДЕНИ  
МҰРАЛАР ТІЗІМІНЕ  
КІРЕДІ.**

**БИЫЛ АСТАНАДА  
ӨТІП ЖАТҚАН  
КӨШПЕНДІЛЕР  
ОЙЫНДАРЫНА  
ӘЛЕМНІҢ 85-ТЕН  
АСТАМ ЕЛІНЕН  
2 МЫҢҒА ЖУЫҚ  
СПОРТШЫ ҚАТЫСУДА.  
ДҮБІРЛІ ДОДАНЫ  
ТАМАШАЛАУ ҮШІН  
ӘЛЕМНІҢ ТҮКПІР-  
ТҮКПІРІНЕН 100  
МЫҢНАН АСТАМ  
ТУРИСТ КЕЛДІ. V  
ДҮНИЕЖҮЗІЛІК  
КӨШПЕНДІЛЕР  
ОЙЫНДАРЫНЫҢ  
СПОРТТЫҚ  
БАҒДАРЛАМАСЫНДА  
СПОРТТЫҢ 21 ТҮРІ  
БОЙЫНША ЖАРЫС  
ӨТІП ЖАТЫР. ӘЗІРГЕ  
МЕДАЛЬ САНЫ  
ЖАҒЫНАН ЕЛІМІЗ  
АЛДА КЕЛЕДІ.**



# ҰЛЫ ДАЛА ДҮБІРІ



# ІЗЕТТІЛІК ИІЛЕ БІЛУДЕ,



**СЕНАТ ДЕПУТАТЫ, ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ ДАРХАН ҚЫДЫРӘЛІНІҢ «НҮКТЕ ФИЛОСОФИЯСЫ» КІТАБЫ ЖУЫРДА БАСПАДАН ШЫҒАДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ СЕНАТОР ӨЗІНІҢ ФЕЙСБУК ПАРАҚШАСЫНДА ЖАЗЫП, ЖАҢА ТУЫНДЫСЫНАН ҮЗІНДІ ЖАРИЯЛАДЫ. ОСЫ АЗҒАНТАЙ ЖАЗБАНЫҢ ӨЗІНЕН-АҚ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ОҚЫРМАН ІЗДЕП ЖҮРІП ОҚИТЫН КІТАП БОЛАТЫНЫ КӨРІНІП ТҰР. СЕБЕБІ АРЗАН КҮЛКІ МЕН ДАРАҚЫ ШОУДАН ШАРШАҒАН ЖҰРТҚА ОСЫНДАЙ ОЙ САЛАТЫН РУХАНИ АЗЫҚ КЕРЕК-АҚ.**

**«Ж**ұмырбасты пенденің әуелі қуанышын бейнелеуге асығатын лепті сөйлемдерді ұнататыны жасырын емес. Сымдай тартылған, тіп-тік, қасқайып, қайқайып тұратын, қойылған жерінің мән-маңызын

арттырып, айбынын асырып көрсететін бұл айбарлы, маңғаз таңба бір қарағанда кербез кісідей көрінеді. Екі-үшеуі қатар келгенде сөйлемді тіпті түрлендіріп, дауысыңды ерекше көтеріп айтуға мәжбүрлейді. Кез-келген жай сөйлемнің өзін ұран мен үндеуге айналдыра алады. Сүйсінгеніңді, сүйінгеніңді сүйіншілеп тұрады. Бір нәрсенің аяқталғанын және оның жоғары деңгейде орындалғанын да айқындап береді. Бояуы қанық, бәдені бөлек, абыройы артық. Содан ба екен, кез-келген сөйлемнің соңына леп белгісін қоюға әуестене бастағандар бірте-бірте мақтануға, артық пафосқа берілуге, эмоцияның иіріміне түсіп, қиқулап қолпаштауға бейімделе кетеді.

Қайран Ақаң, «леп белгісі» деп қалай дәл тауып қойған. Екпіндеп келетін, өрекіп шығатын, лепесінде ерекше лебі бар бұл белгінің айдарынан расында, жел есіп тұрады. Ал жел сөздің желөкпеге желік бітіретіні тағы бар. Кейде ол көздің жауын алатын сыңғырлаған сиқырлы сылдыр сөздердің мінсіз салтанатын сомдап, орашолақ одағай ойдың артынан сіресіп тұра қалады. Ондайда сымбаты сайыпқыран көрінгенімен бойында тәкаппарлық бұғып жатқан белгі мақтаншақтық ауылына жетелеп, киізкөкірек кісінің кеудесіне қиял қондырады. Сондықтан мінбердің сәніне айналған бұл сұрапыл белгіге былайғы жұрттан гөрі, басшылар ынтық келеді.

Шынында мағыналы-мазмұнды сөйлемге бей-берекет леп белгісін жалғаса, ол ұранға айналып, алды-арты түйінделеді де қалады. Сол арқылы сөздің қадірі қашып, ғұмыры келте кескен жіптей қысқа, күрмеуге келмейді. Сондықтан соңына сұрақ ілеседі.

Сұрақ белгісі...

Осы бір көзге қораштау көрінетін, басы иілген, белі бүгілген белгі базбіреулерге ұнамайтын да шығар. Сондықтан сансыз сауал арқалап жүретін сиықсыздау белгінің кейде сыйы да болмайды.

Дегенмен сұрақ белгісінің пішінінде үлкен кішіпейілділік жасырынып жатқандай әдемі таңбаланған. Құдды сағағы дәнге



толған бидайдай майысып, қарттық алқымдаған ақылы дария ақсақал қариядай иіліп тұрады. Тәңір алдында тізе бүккен тақуаға да ұқсайды. Дана халқымыз «жемісті ағаш жерге иіліп тағзым етеді, жетелі жігіт елге иіліп тағзым етеді» деп тегін айтпаса керек. Сондықтан сұрақ белгісі тақылеттес тұлғалар өмір бойы жауап іздеп жүреді. Ұлылықтың қарапайымдылықта екенін ескерсек, ізеттілік иіле білуде, кісілік те кішілік арқылы келеді.

# КІСІЛІК КІШІЛІК АРҚЫЛЫ КЕЛЕДІ

Тұнығын лайламаған, терең де тегеурінді кейіпте.

Сұрақтар үлкен өркениетті тудырады. Ол – ғылымның анасы іспетті. Сұрақ қойылмайтын қоғамда білік тежеледі, таным ортаяды. Қарапайым сұрақтар ұлы жауаптар күтеді. Сондықтан сұрақ белгісі – дамудың қайнар көзі. «Неге?» деген сауал бірте-бірте «қалай?» және «қашанға?» айналады. Осылай сұрақ қоймаса, ғылым дамымайды. Журналист сұрақ қоймаса, қоғамдағы түйткілдердің шимайы шешілмейді. Балабақшадағы бүлдіршін сұрақ қоймаса, тілі жетілмейді. Қызметкер сұрақ қоймаса, ұжым ілгерілемейді. Әрине, бұл ретте, дұрыс сұрақ қоя білу де үлкен біліктіліктің белгісі. Адамзат сұраққа жауап іздеген сайын ішкі өрімі шексіздікпен шектесе береді. Ал біз баламыз сұрақ қойса немқұрайлы жауап береміз. Бүлдіршін сұрақ қойса, тәрбиешісі тыйып тастайды. Сұрақ қойғыш шәкірт ұстазына жақпайды. Журналист қалам ұшында қалқыған сан сауалдың жауабын таппай дал. Қызметкер басшысына сұрақ қоюға қаймығады...

Бір сұрақ келесі бір сұраққа сәулесін түсіріп, жауаптың жүгін арқалап тұрады. Адам атадан бері мәңгілік тақырыпқа айналған сұрақтар қаншама. Ұршыққа оралған жіптей ұзын өмірдің бірте-бірте майшамдай еритіндігі аян. Сол қараңғылықты қақ айырған майшамның өзі сәл жанғаннан кейін иілгіш келетіні қызық. Алғашында леп белгісіне ұқсағанымен, бойына жылу тараған соң бір жағына қарай қисайып, сұрақ белгісіне айналып шыға келеді...

Сөздің сыры мағынасында емес, әуезінде деп қоңыраулатып

сөйлеуге де болар еді. Алайда айдар-кекілін жаңа ғасырдың желі тартқан жас толқын артық мақтанның буына семіріп кете ме деген күдік те жоқ емес. Бүгінде кішкентай ғана жетістіктің астын үлкен сызықпен сызып көрсетіп, сөйлемнің соңына леп белгісін қоятындар көбейді. Дабыралық пен даңғойлық дендеп барады. Рас, сауал сансыз, жауап мәнсіз. Ұлы Абайдың аптасына не айына өзіңе бір рет болса да есеп бер дейтіні сондықтан. «Мен кімін,

қайдан келдім, қайда барам?» тақылеттес адамзатты руханият шыңына алып шығатын қанатты сұрақтар қайда?

Әсілі, кез-келген пенденің ғұмыры леп белгісімен тәмамдалуы үшін, адам алдымен тағдыр жолында кездескен сан сауалға жауап беруі керек шығар. Сонда сұрақ белгісімен басталған сөйлем леп белгісімен аяқталады...»

«Нүкте философиясы»  
кітабынан үзінді





**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТАПСЫРМАСЫМЕН ҚАЗАҚЫ ИТ ТҰҚЫМДАРЫН САҚТАП, ОЛАРДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ ТАНЫТУ МӘСЕЛЕСІ 2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ІС БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАРАУЫНА АЛЫНҒАН БОЛАТЫН. ИГІ ІСТЕН НӘТИЖЕ БАР. ЖУЫРДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КИНОЛОГИЯЛЫҚ ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ (FCI) БАС КОМИТЕТІ ҚАЗАҚ ТАЗЫСЫН («KAZAKH TAZY») РЕСМИ ТҮРДЕ ИТ ТҰҚЫМЫ ДЕП ТАНУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ. ОСЫЛАЙША ЕЛІМІЗ ТАЗЫ ТҰҚЫМЫНЫҢ ИЕСІ ДЕГЕН МӘРТЕБЕНІ ИЕЛЕНДІ.**

**БҰЛ – ЖЕТІСТІК. СЕБЕБІ ҚАЗАҚТЫҢ САЯТШЫЛЫҚ ДӘСТҮРІНДЕ ӨЗІНДІК ОРНЫ БАР ТАЗЫ ТҰҚЫМЫН САҚТАП ҚАЛУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР. БІР ТӘУІРІ, ЕЛ ІШІНДЕ ТАЗЫ АСЫРАП, АТА-БАБА САЛТЫН ЖАҢҒЫРТЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТТАР БАРШЫЛЫҚ. ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА КӨКШЕТАУЛЫҚ ЖУРНАЛИСТ МЕРГЕН ТОҚСАНБАЙДЫҢ ЖАЗБАСЫН ҰСЫНАМЫЗ.**

қарыстай теке тазыға алдырмай адастырып кеткен болар деп ит кеткен жаққа асыққан аңшының аты – Тоқтар Екпін. Ол осы маңда құмай тазы ұстайтын аз қазақтың бірі. Қолына құт боп тиген сары қасқа тазысын еркелетіп сылап-сипап бағатын. Атын да затына сай Ерке деп қойған. Қазақ тазының жасын қанша қыс көріп, қанша қар басқанына қарап санайды. Биыл Еркенің үшінші қар басуы.

Тоқтар екеуіміз аңға шықсақ, көп сырласушы едік. Не айтсақ та әңгіме ауаны көбіне жүйрік ат, құмай тазы, қыран бүркіт, аңшылық, саятшылыққа тіреле беретін. Бүгін ол әлдекімге өкпелі, ызалы келеді. «Әй, итің ұятқа қалдырмай үйге олжалы кетіп барамыз. Не ғып сазара қалдың» деп сөзге тарттым...

## ТАЗЫ –

**О**л күрең төбел бестісін желе шоқытып әлдекімді «Ерке!», «Ерке-е-ем!», Ерке-е-ем!» деп айғайлап шақырып кетіп барады. Сырт көрген адам ғашығынан адасқан әлдебіреу ме деп қалар. Бірақ ол бағана бір шоқ ағаштан үркіп шыққан топ еліктің соңынан құйындай зырлаған сара қасқа тазысын іздеген аңшы.

Ақ қардың үстінде селдей қозғалып, келесі тауды бетке алып, біркелкі қашқан көп еліктің ішінен бөлініп шығып, азулы ажал – тазыны үйірден бөліп әкетуге әрекет еткен теке қиыстай шаба берген. Аңның үлкен-кішісіне қарамай алдына келгеннің адымын аштырмай қуып жететін тазыға да керегі осы еді...

Зеренді мен Қошқарбай тауының арасындағы шоқ ағаштарды жатқа білетін Ерке осы жолы ұзақ жоғалды. Топ еліктің үйірбасы қос мүйізі қос

– Біз осы тазы тұқымын қайтсек сақтап қаламыз деп жанталасып жүрміз. Қазақ даласының әр пұшпағында бабадан мұра болып қалған құмай тазылардың тұқымын асылдандырып, көбейтуді көздеп, жандарын жеп жүрген қаншама энтузиаст адамдар бар. Солардың жанайқайы жеткен шығыр, Президетіміз Қасым-Жомарт Тоқаев та соңғы кезде тазы мен төбетке ерекше назар аударып жатыр. Менің ашуыма келетіні, қазір қазақы тазы мен ағылшынның грейхаунд тұқымын будандастырып жүргендер көбейді.

**– Оның несі жаман? Ол да бір көне тұқым емес пе?**

– Әр тұқымның өз ерекшелігі бар. Мәселен, грейхаунд тазыдан ұшқыр болса да, басқа қасиеттері тазыға жетпейді. Тазы өзі із кеседі, өзі қуып жетеді, өзі алады. Жеткен аңын парша-парша қып тастамай иесі келгенше басып, тірі ұстап жатады. Алған аңын адал бауыздап, үйірімен үш тоғыз



деп қанжығаңа байлай саласың. Басқа елдер із кесу үшін «гончая» дейміз ғой. Қаптаған фоксхаунд, бассет-хаунд, бигли секілді иттер ұстайды. Мәселен, лайка тұқымы аңды орман ішінен тоқтатып, айғайлап үріп тұрады. Не соңынан үріп қуады. Ол аңды таптым, мен осындамын деген емеуріні. Лайка тапқан аңды борзыйлар ұстайды.

күшіктің психологиясы дұрыс болмайды. Оны инбридинг деп атайды. Мысалы, тазы тамақ ішіп жатқанда алдындағы асын қызғанбау керек. Иесі барып аузындағы асын еш қауіпсіз ала береді. Жаңағы инбридинг күшіктер ырылдап, кейде тіпті қауіп жатады. Бұл демек таза тазы емес. Сосын бізде тазыны арабтың салюкиіне

**– Қазір жер-жерде шырға тартып, ит жарыстырып жатады ғой, Еркені қосып көрдің бе ондайға?**

– Иә, бір жасында қосқаным бар... Жалпы шырға салудың пайдасы да зияны да бар. Пайдасы әр өңірдің тазы ұстаған қазағы араласып, танысады. Ал, зияны мынада: Иттерді бір шақырым қашықтықта шырғаға салып жүгіртеді ғой. Ол тазыға аз қашықтық. Бұл жерде де жаңа мен айтқан тазы мен салюки қосылған будандар озып кетіп жатады. Жарыстың атағы мен ақшасына қызыққандар қазір қос тұқымды көптеп будандастырып жатыр... Сол үшін екі жылдан бері біздің Көкшетаудың аңшылары қара күзде тазы мен бүркіттерін кәдімгі аңшылыққа шығарып жарыстырады. Ол енді нағыз мықты итті анықтауға таптырмайтын мүмкіндік.



## БАБАЛАР АМАНАТЫ

Қазақ тазысы осы жұмыстың бәрін өзі істейді. Бабаларымыз осы қасиеттеріне бола, сонша ғасыр тұқымын таза ұстап, басқа итке қоспай келді ғой. Басқа тұқыммен будандастырғанда тазының, бәлкім, шапшаңдығы артар. Бірақ басқа қасиеттері жоғалады. Ұшқырлығына қызыққан кейбіреулер қазір бұл иттердің қанын бүлдіріп жатыр. Тазы– бабалар аманаты! Бізге табиғи қалпында аманаттап кетті ғой, біз қиянат жасамауымыз керек. Әйтпесе, кәрі құрлықты түгел жайламаса да, тегіс аралаған ата қазақтың екі тұқымды будандастыруға ақылы жетпеді деймісің?!

**– Осы жылқы текті жануар, өз қанына шаппайды деп жатамыз ғой. Айғыр өзінен туған ұрғашы құлынға тимейді деп... Тазыларда ондай бар ма?**

– Бабаларымыз оны да ескерген. Тазының әкесі мен қызын бір-біріне қоспаған. Ондай жағдайлар болған күннің өзінде одан түскен

көп қосып жатады. Содан болар, қазір тазының стандарттары да өзгеріп бара жатқан сыңайлы. Ит танитын адамдар қай тазының қанында салюки барын жазбай таниды. Үшінші, төртінші атасында салюки болса да көрініп қалады. Салюкидің құйрығы жүндес, ұзын келеді. Тазының құйрық ұшындай жарты шеңбер жасап қайқыланбайды. Салюки алғаш жүгіргенде тазыға жеткізбей кетеді. Бірақ оның шамасы 500 метр әрі кетсе бір шақырым ғана. Одан кейін аң ұстау былай тұрсын атқа да ере алмай қалады. Сосын өте тоңғақ келеді. Салюки үлкен аңға түсе алмайды сосын. Тазылар борсықпен жекпе-жек шығып, қуып қасқыр алып жүрсе, салюки түлкіні әрең алады. Жүрек жоқ оларда. Салюки де Мысыр Пирамидаларында бейнеленген көне тұқым. Біреулер тазы салюкиден тараған деген әңгіме шығарып жүр. Өз басым оған келіспеймін. Бұл үлкен зерттеуді қажет етеді.



Тоқтармен сөйлесіп келе жатып, ауыл шетіне ілінгенімізді де байқамай қалдық. Он жыл ғұмырын осы ит тұқымын асылдандыруға жұмсаған оған іштей разы болып келемін. Ол қанжығасына өңгерген бағанағы елікке бір қарап, сүйсініп қойды. «Үйдегі бүркіттің де тамағы таусыла бастап еді, мынаның еті бүркітке де, тазыға да, бала-шағаға да жетеді. Рақмет, саған Ерке», – деді.

**Мерген ТОҚСАНБАЙ,**  
Көкшетау



## БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының  
бірлескен ЖОБАСЫ

**БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА – JAS QAZAQ ПЕН CHEVRON КОМПАНИЯСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ. ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕҢГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ, ДИЗАЙН, ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРІС АЛЫП, ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП ЖАТЫР. ӨЗІН ҚЫЗЫҚТЫРҒАН ТАҚЫРЫПҚА САУАЛНАМА ДАЙЫНДАҒАН ҚАТЫСУШЫМЫЗ ДІЛМҰРАТ НҰРМАШЕВТІҢ ЖАЗБАСЫН ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА ҰСЫНАМЫЗ.**

**ЖҰРТ НЕЛІКТЕН КІТАП ОҚИДЫ? ОҚЫРМАНДЫ КІТАП НЕСІМЕН ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ? ОТАНДАСТАРЫМЫЗ ҚАНДАЙ ЖАНРЛАРҒА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТАДЫ? ОСЫ САУАЛДАРДЫ БІЗ БІРНЕШЕ АДАМҒА ҚОЙЫП КӨРДІК.**

Кира ШУЛЬГИНА:



«Ия, мен кітап оқимын. Себебі сол арқылы дүниетанымды кеңейеді. Оның үстіне кітап оқыған қызық қой.

Мен күніне шамамен 20 минуттан 2 сағатқа дейін кітап оқимын. Негізінен аудиокітапқа басымдық беремін. Көбіне шетел әдебиетін оқуға құмармын. Табиғат көріністерін суреттеу, сондай-ақ қызықты да тартымды кейіпкерлер ұнайды».

ЗАМАНДАСТАРЫМЫЗ  
КІТАП ОҚИМА?

Сахидам ГАИТОВА:


«Үй тірлігінен қолым босағанда, шамам келгенде кітапқа жармасамын. Күніне шамамен 2-3 сағат оқимын. Әрине, одан да көбірек уақыт жұмсар едім. Әйтсе де, үйдің шаруасын ысырып қоя алмайсың.

Неліктен кітап оқуды жақсы көремін? Оған сондай бір керемет себеп жоқ, жай ғана ұнайды. Дегенмен кезекті бір ақылды кітап оқығаннан кейін өзімді сенімді сезінемін.

Жанр жағынан бөліп-жармаймын. Әдетте, роман немесе әңгімелер оқимын. Кейде қаржы туралы, сондай-ақ үйдегі кітап сәресіндегі балаларға арналған немесе тарих туралы кітаптарды оқи беремін».

Сөз жоқ, кітап адам өмірінде маңызды роль атқарады. Кітап дүниетанымды кеңейтіп, уақытыңды қызықты өткізуге септеседі. Сонымен бірге түрлі ілім-білімнің қоймасы іспетті. Біреулер қажетті ақпарат алу үшін оқиды, біреулер ләззат алу үшін, ал енді біреулер жетістікке жету үшін жігерін жаниды. Біздің замандастарымыз кітап оқыды, оқып жүр және оқи бермек.

**Ділмұрат НҰРМАШЕВ,**  
«Бәріне ортақ журналистика»  
жобасына қатысушы



Тұңғышбай ДҮЙСЕХАН:

«Мен кітап оқымаймын, аудиокітап тыңдаймын. Жігерлендіретін кітап оқығанды жақсы көремін. Күніне жарты сағат аудиокітап тыңдаймын, маған соның өзі жеткілікті. Мәселен, маған атақты адамдардың өмірбаяны



қызық. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы, Мұхаммед пайғамбардың ғұмыры туралы және тағы сондай кітаптар».

## САУАЛНАМА



## БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Jas qazaq газеті мен Chevron компаниясының бірлескен ЖОБАСЫ



**БӘРИНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА JAS QAZAQ ПЕН CHEVRON КОМПАНИЯСЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ЖОБАСЫ. ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ЕРЕКШЕ ЖАНДАРДЫ ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫН МЕНГЕРІП, САУАТТЫ ЖАЗУҒА БЕЙІМДЕУ. ҚАЗІР ЖУРНАЛИСТИКАҒА ҚҰМАР ЖАНДАР КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ, МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ ЖӘНЕ ТЕЛЕЖУРНАЛИСТИКА БОЙЫНША ДӘРИС АЛЫП, ТӘЖІРИБЕСІН ШЫҢДАП ЖАТЫР. КУРСҚА ҚАТЫСУШЫ ЖАНАР ӘУКЕНОВА ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА БАЛАЛАРЫН ДАЙЫНДАҒАН АНАЛАРМЕН СҰХБАТТАСЫП, ОЛАРДЫҢ ҚАНША ҚАРЖЫ ЖҰМСАҒАНЫН СҰРАП КӨРДІ.**

## МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҚ: ҚАНША ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛДЫ?

**Аягүл НҰРҒАЛИЕВА,**

көп балалы ана:



«Мен алты баланың анасымын. Бүгінде төрт балам мектепке барады. Былтырғы бағаға қарағанда киім-кешек әжептәуір қымбаттапты. Оны балаларға мектеп формасын алған кезде бірден байқадым. Ұмытпасам, былтыр мектеп формасы 18000-20000 шамасында болған. Биыл форманы әр балаға 20000-25000 теңгеден сатып алдық. Биыл мектепке дайындауым қиынға соқты, өйткені бәрі қымбат. Тіпті құрал-жабдықтардың өзіне біршама қаржы кетті. Жай ғана

жазу дәптердің бір данасы – 25 теңге. Салыстырмалы түрде қарасақ, былтырғыдан 3-4 есе жоғары қаражат жұмсадық.

**Меруерт ЖАРЫЛҒАСЫМОВА,**

көп балалы ана:



«Мен көп балалы анамын. Бүгінде тәрбиелеп отырған жеті балам бар. Мектепке баратын балаларымды биылғы оқу жылына дайындаған кезде, бағалардың бірден 2-3 есеге қымбаттағанын байқадым. Өзім декретте отырмын. Биылғы оқу жылына дайындауым ұзаққа

созылды. Өйткені қазір табыс көзін әкеліп жатқан бір ғана жолдасым. Сондықтан тым болмаса оқу құралдарының бағасы қадағаланса деймін. Қарап отырсақ, әр базарда әр түрлі баға. Саудагерлер түріңе қарап өзіне керек бағаны айта салады».

**Әлия ҚЫРҒЫЗБАЕВА,**

көп балалы ана:



«Мен бес баланың анасымын. Мектепке екеуі барады. Бірі бесінші сыныпқа, бірі екінші сыныпта оқиды. Биыл мен оларға жаңа форма әпермедім. Былтыр сапасы жақсы фирманың мектеп формасын алған едік, сол қысқара қоймапты. Ал керек-жарақтары мен оқу құралдарын ертерек алып қойдым. Сол кезде арзандау болады екен. Мысалы, жай ғана дәптер қаптайтын пленканың он талын жазда 300 теңгеге алдым. Сонда бір талы 30 теңгеден айналады. Ал өткенде сұрасам, он тал дәптер қабы 500 теңгеден жоғары. Салыстыра беріңіз, баға к»дімгідей өскен. Одан бөлек, қыздарға керек бантик, ақ көйлек, сөмке сияқты заттарын да ертерек алып қойғанмын. Сондықтан биыл баға қымбаттаса да ертерек алғанымның арқасында қымбатшылық онша байқалмады».

**Сауалнаманы  
жүргізген  
Жанар  
ӘУКЕНОВА**



**М**әдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметінше, зерттеу нысаны Қызылкөл тарихи-мәдени нысанда орналасқан ғибадатхана және екі қорған болды. Соның нәтижесінде қаңлы мәдениетіне қатысты, б.з.д. II ғасырға жататын бірегей артефактілер табылды.

Қазба жұмыстары кезінде ірі қара және ұсақ малдың сүйектері мен мүйіздері, тас дән үккіш, келі, диірмен т.б. еңбек құралдарының бөліктері, қыш ыдыс тұтқалары, киімге арналған түйме фрагменттері алынды. Ғибадатхананың батыс бөлігінде ашылған бөлменің ішінде 60 см тереңдікте ғұрыптық бұйым (курильница) ыдысының кішкене

**ЖУЫРДА ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙДІҢ АРХЕОЛОГИЯ БӨЛІМІНІҢ МАМАНДАРЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ, СОЗАҚ АУДАНЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛКӨЛ АУЫЛЫ МАҢЫНДА ОРНАЛАСҚАН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕ ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫН АЯҚТАДЫ.**



## ҚАҢЛЫ МӘДЕНИЕТІНЕ ТИЕСІЛІ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР ТАБЫЛДЫ



бөлігі сақталған цилиндр пішінді, табаны жайпақ тұғыр табылды.

Ескерткіштің биік таулар мен көлдерге жақын орналасуы, ғибадатхананың ерекше құрылымы мен табылған жәдігерлердің түрлері құрылыстың ғұрыптық ғибадатхана ретінде пайдаланылғанын көрсетсе, тас құралдар егіншіліктің, атап айтқанда, егін жинаудың дамығанын көрсетеді.



Орталық музей археологтары Қазақстанның көне тарихының жаңа парақтарын аша отырып, еліміздің әр өңіріндегі тарихи нысандарда археологиялық қазба жұмыстарын жүргізуді алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғастыруды жоспарлап отыр.

**JQ-Aqparat**

Суреттер: Мәдениет және ақпарат министрлігі

**Бас редактор**

**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Гүлнар АХМЕТОВА**  
Директор

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**  
продюсер-менеджер

**Ғалия ҚАЛИЕВА**  
дизайнер/фотосуретші

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**  
Астанадағы меншікті тілші

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**  
редактор

**МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС**

**Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА**

**Редакцияның мекенжайы:**

Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 114/85,  
№214 кенсе

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25  
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)